

4-СӨЖ

№ 2 тапсырма

Сан есім (имя числительное)

I. Количественные числительные (есептік сан есім) в казахском языке отвечает на вопросы қанша? неше? «сколько?» Они делятся на:

Простые

1-бір 40-қырық
2-екі 50-елу
3-үш 60-алпыс
4-төрт 70-жетпіс
5-бес 80-сексен
6-алты 90-тоқсан
7-жеті 100-жүз
8-сегіз 1000-мың
9-тоғыз 1000000-миллион
10-он 1000000000-миллиард
20-жиырма
30-отыз

Составные

11-он бір, 19-он тоғыз.
101-жүз бір, 109-жүз тоғыз
201-екі жүз бір, 209-екі жүз тоғыз
410-төрт жүз он
566-бес жүз алпыс алты
1986-мың тоғыз жүз сексен алты
2534687- екі миллион бес жүз отыз төрт
мың алты жүз сексен жеті.

В казахском языке, в отличие от русского существительные, следующие за числительными, не принимают окончаний множественного числа: бес тәрелке «пять тарелок», төрт қасық «четыре ложки», көп кітап «много книг» и т.д.

II. Порядковые числительные (реттік сан есім) отвечает на вопросы қаншасыншы? Нешінші? «который?» Они образуются путем прибавления к количественным числительным суффиксов -ншы/-нші (если корень оканчивается на гласный) или -ыншы/-інші (если корень оканчивается на согласный).

Например: алты(шесть) – алты-ншы (шестой)

Бес (пять) – бес-інші (пятый).

При образовании составных порядковых числительных суффиксы присоединяются только к последнему числительному: жиырма бірінші «двадцать первый», бір мың тоғыз жүз сексен тоғыз (тысяча девятьсот восемьдесят девятый).

III. Собирательные числительные (жинақтау сан есімдер) образуются при помощи суффиксов -ау/-еу (после твердой основы-ау, после мягкой –еу): алт/ы/-ау «шестеро», ек(і)-еу «двое). При прибавлении этих суффиксов к числительным екі, алты, жеті конечные -ы/-і выпадают. Всего в казахском языке 7 собирательных числительных. В предложениях они выступают чаще всего в функции сказуемого: Менің кітабым- бесеу (у меня пять книг).

IV. Приблизительные числительные (болжалдық сан есім : -дай/-дей, -тай/-тей). Менде жүздей кітап бар /у меня есть около сто книг/.

V. Разделительные числительные (топтау сан есім): -дан/-ден, -нан/-нен, -тан/-тен. Мысалы: үштен /по три/, оннан /по десять/.

VI. Дробные числительные (бөлшектік сан есім). Мысалы: 1 бүтін 5 /1,5/.

1-тапсырма. Мына есептік сан есімдерді сөзбен жазыңыз.

7, 9, 80, 1000. 13, 104, 315, 567, 2998, 1386. 418.

2-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз.

1. В комнате много студентов. 2. Я положила шесть ложек на стол. 3. На вокзале много пассажиров. 4. Мы летели в Москву четыре часа. 5. В нашей семье пять детей. 6. Мои два друга идут в кино. 7. В неделе семь дней. 8. В этом доме девять этажей. 9. В Алматы много микрорайонов. 10. Мы кушаем три раза в день. 11. В году четыре времени года : зима, весна, лето, осень.

Лексикалық тақырып: Алаштың ақордалары – астаналары

Қазақстан Республикасының ең алғашқы астанасы Орынбор (1920-1925), одан кейін Қызылорда (1925-1929), 1929 жылдан бастап 1997 жылға дейін Алматы қалалары болады.

1997 жылғы 20 қазанда Н.Ә. Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау» туралы жарлыққа қол қойды. 1998 жылғы 6 мамырда Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды. Осы жылғы 10 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Аз уақыттың ішінде Астана қаласы көрікті қалаға айналды. Қаланың ортасынан ағып өтетін Есіл өзенінің екі жағындағы батпақ, қалың өскен қамыстың орны қала халқы демалатын жағажайға айналды. Астана қаласында Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Жастар сарайы, министрліктер үйі, көп қабатты тұрғын үйлер мен ғимараттар бой көтерді. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері орнатылды.

Астананың болашағы әлі алда. Ол Еуразиядағы ең әсем, сұлу, әйгілі қала болмақ.

Астана – Қазақстан Республикасының саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы, бас қала.

Сөздік

жариялау – объявлять

жарлық – указ

ашылу рәсімі – церемония открытия

саяси – политический

әкімшілік – административный

Алматы

Алматы туралы көне жазба деректердің бірі XVI ғасырда түркі тілінде жазылған «Бабыр наме» атты шығармада кездеседі. Бұл шығарманың авторы – Захирадин Мухамед Бабыр. Ол қазіргі Өзбекстанның Әндіжан қаласында туып өскен. Кейін Кабул аймағын билеп, Үндістанда Ұлы моңғол

империясының негізін қалаған. Бабыр әулеті Үндістанда ағылшындар жаулап алғанға дейін 300 жылдай билік құрды.

Бабырдың жоғарыда аталып өткен еңбегінде Алматы қаласының ертеректе Алмату деп аталғандығы және ол қаланың моңғол шапқыншылығы кезінде қирап қалғандығы айтылды. Сол сияқты Алмату жөнінде қазақ тарихшысы Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты шығармасында да деректер келтірілген. Бір қызығы Бабыр мен Мұхамед Хайдардың аналары апалы-сіңілісі болған.

Алмату немесе Алматы атауы «алма өсетін тау» деген мағынаны білдіреді. Е.Қойшыбаев деген ғалымның пікірінше «ту» лексемасы көне түркі тілінде «тау» деген мағынаны білдірген. Кейін ол ұсақ трансформацияның әсерінен «ты» формасында қолданылады.

1979, 1990 жылдары Алматыдағы шекарашылар училищесінің аумағында күміс теңгелер табылған. Ғалымдар оны зерттеп, Жетісу өңірінде XIII ғасырда теңге сарайы болған деген болжам айтты. Теңгелерде теңге сарайының аты Алмату деп көрсетілген. 1854 жылы көне Алмату қаласының орнына Верный бекінісі салынды. 1921 жылы Верный қаласы Алма-Ата деп аталды. Ал 1993 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қала өзінің тарихи атымен Алматы деп аталды.

Тапсырмалар:

1. **Мәтіндерді оқып, аударыңыз.**

2. **Мәтіндер бойынша сұрақтарға жауап беріңіз**

1. Қазақстан Республикасының астанасы болған қалаларды атаңыз?
2. 1997 жылғы қазанда Елбасы қандай жарлыққа қол қойды?
3. Қай кезде Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды?
4. 1998 жылғы 10 маусымда Астанада не өтті?
5. Астана ненің орталығы?
6. Захирадин Мухамед Бабыр кім?
7. Бабырдың еңбегінде көне Алматы туралы қандай дерек келтірілген?
8. Мұхамед Хайдар Дулати деген кім?
9. Алматы қаласының атауы туралы Е.Қойшыбаев қандай пікір айтқан?
10. Қазіргі Алматының аумағында қандай көне заттар табылған?
11. Верный бекінісі қашан және қайда салынған?
12. Бұл бекіністің аты кейін қалай өзгерген?
13. Алматы өзінің тарихи атауына қашан ие болды?

3. **Мәтінді пайдаланып, көрсетілген мерзім ішінде Алматы қаласының тарихында қандай оқиғалар орын алғанын жазыңыз.**

1979, 1990 жылдары _____

XIII ғасырда _____

1854 жылы _____

1867 жылы _____

1921 жылы _____

1993 жылы _____

4. **Қазақстан астаналары тақырыбына диалог құрастырыңыз.**

5. **Мәтіннен сан есімдерді теріп жазып, түрін анықтаңыз.**